

**Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының  
ШЖҚ «№5 Қалалық емханасы» МКК**

Хаттама № 03-КК

29.08.2024г.

Шымкент қаласы

Басталуы: 14-00

Қатысқандар: Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№5 Қалалық емханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының (бұдан әрі-Кәсіпорын) қызметкерлері.

Күн тәртібінде:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бейне роликтерді көрсету.
2. Алаяқтық.
3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін көзделген жауапкершілік.

**№1 Күн тәртібі** бойынша Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің ресми ютуб каналынан видео роликтер тамашаланды, <https://www.youtube.com/watch?v=29DgM3Wd0Dk>, <https://www.youtube.com/watch?v=6Aw0NjO6E68&t=60s>.

**№2 Күн тәртібі** бойынша Кәсіпорынның комплаенс-офицері Пердебаева Айнур Жалгасовна баяндама жасады: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет мессенджерлерде (WhatsApp, Telegram және т.б.) Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қызметкерлері мен басшылығының атынан жалған аккаунттар құрған және жалған ақпарат тарататын алаяқтар туралы ескертеді. Алаяқтар құрбандарға Антикор символикасы бар құжаттарды жібереді. Жалған Ақпараттық бюллетеньге сенбеу, күмәнді сілтемелерге баспау, өтпеу, сондай - ақ қолма-қол ақша аудармау туралы хабарлаған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі құқық қорғау органдарына осындай барлық қоңыраулар мен жіберулер туралы хабарлауды сұрайды. Бұған дейін Жоғарғы Сот қазақстандықтарға алаяқтар конкурста балаларға дауыс беру үшін сілтемелер бойынша өтуді сұрауы мүмкін екенін ескерткен. Бұл маңызды деректердің жоғалуына әкелетін тұзақ.

Осындай схема да бар: шабуылдаушыларды ҰҚК /КНБ/ қызметкерлері болып террористік ұйымдарды олар қоңырау шалған адамның банктік шотынан қаржыландыру фактісі анықталғанын мәлімдейді. Олар қорқытады және ақшаны шот-фактураға аударуды сұрайды.

**№3 Күн тәртібі** бойынша: Сыбайлас жемқорлық – бұл мемлекеттік қызметшілердің немесе оларға теңестірілген адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 1-бабы 6-б.

<http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000410>

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000410>

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік Қылмыстық кодексте және әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексте көзделген.

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік орган болып табылады.

Агенттік Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыру мен іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді жүзеге асырады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті.

Сұрақ жауап.

Жиналыс сағат 14-45 аяқталды.

А.Пердебаева 